Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Бас кеден басқармасы арасындағы Қазақстан Республикасынан Қытай Халық Республикасына рапс күнжарасын экспорттауға қойылатын санитариялық және фитосанитариялық талаптар хаттамасы

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі «Қазақстан тарапы» деп аталады) мен Қытай Халық Республикасының Бас кеден басқармасы (бұдан әрі «Қытай тарапы» деп аталады) ДСҰ-ның Санитариялық және фитосанитариялық шаралар жөніндегі келісімінің қағидаттарына және тәуекелді бағалау нәтижелеріне сәйкес Қазақстан Республикасынан (бұдан әрі «Қазақстан» деп аталады) Қытай Халық Республикасына (бұдан әрі «Қытай» деп аталады) рапс күнжарасын импорттау қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қалай отырып, төмендегілер туралы уағдаласты.

1-бап

Рапс күнжарасы ұсақталғаннан, шаймаланғаннан және басқа да процестерден кейін рапс тұқымының өңделген өнімдеріне жатады және Қазақстан Республикасында өндірілген.

2-бап

Қытай Халық Республикасына экспортталатын рапс күнжарасы Қытай тарапының азықтарға арналған қауіпсіздік және гигиена стандарттарына сәйкес келуі тиіс және Қытай тарапымен бекітілген тізбесінде көрсетілген карантиндік зиянкестерден (1-қосымшаны қараңыз), Қытай Халық Республикасында ресми түрде бекітілмеген басқа да тірі зиянкестер мен өсімдік тұқымдарынан, көң мен ұшалардан, құс мамығынан, топырақ пен ГТО-дан таза болуы тиіс.

3-бап

Қазақстан тарапынан экспортталатын рапс күнжарасы бағаланғаннан кейін қазақстан тарапымен мақұлданған кәсіпорындар өндіргеніне кепілдік береді. Қазақстан тарапы кәсіпорындарды Қытай тарапына ұсынады және оларды Қытай тарапы инспекциялағаннан немесе аудит жүргізгеннен кейін тіркейтін болады. Тіркелген және мақұлданған өңдеуші кәсіпорындардың тізбесі Қытай тарапының веб-сайтында қолжетімді болады.

4-бап

Кәсіпорындар Тәуекелдер мен сындарлы бақылау пункттерін талдау негізіндегі сапаны бақылау жүйесін (HACCP) немесе HACCP тұжырымдамасына негізделген сапаны басқарудың баламалы жүйесін қолдануы, сондай-ақ қадағалау жүйесін енгізеді. Кәсіпорындар рапс күнжарасының рапстан алынған шикізат қалдықтарымен, топырақпен, жануарлардың ұшаларымен және көңімен, өсімдік шаруашылығы немесе мал шаруашылығы қалдықтарымен ластануын болдырмау үшін шикізат пен қосалқы заттарға, өндіріс процесіне, дайын өнім қоймасына, көлік құралдарына санитариялық бақылауды күшейтеді. Рапс күнжарасында уытты және қауіпті заттар, жануарлардан алынатын басқа да ингредиенттер болмауы тиіс.

5-бап

Қытай Халық Республикасына экспортталатын рапс күнжарасын шикізаттан және басқа өнімдерден бөлек сақталады. Сақтауға арналған қойма кеміргіштердің, жәндіктер мен құстардың және т.б. енуін болдырмау бойынша тиімді шараларды қамтамасыз ету жөніндегі талаптарға жауап беруі тиіс.

6-бап

Қытай Халық Республикасы экспорттауға арналған рапс күнжарасын буып-түю үшін пайдаланылатын қаптар таза болуы, оларда уытты және

қауіпті заттар (мысалы, жасыл малахит) болмауы тиіс. Рапс күнжарасын тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралдары мұқият тазаланған және қажет болған жағдайда, дезинфекцияланған болуы тиіс.

7-бап

Рапс күнжарасын экспорттаушы контейнердің (басқа да жабық көлік құралдарын қоса алғанда) ішіне экспорттаушы атауы мен оның тіркеу нөмірін және қытай тілінде «Қытай Халық Республикасына экспорттау үшін» деген жазуды қамтитын ақпарат орналастырады.

8-бап

Қазақстан тарапы санитариялық, фитосанитариялық және қауіпсіз жай-күйді қамтамасыз ету үшін өңдеуші кәсіпорындарда тұрақты түрде бақылау жүргізеді.

9-бап

Қазақстан тарапы Қытай Халық Республикасына экспортталатын рапс күнжарасының карантиндік инспекциясына рұқсат береді.

Қытай Халық Республикасына экспортталатын рапс күнжарасының әрбір партиясы Қазақстан тарапы берген, № 12 халықаралық фитосанитариялық шаралар стандартының (бұдан әрі – «ХФШС № 12») талаптарына сәйкес келетін фитосанитариялық сертификатпен бірге берілуі тиіс. Фитосанитариялық сертификатта өндірушінің атауы және тіркеу нөмірі, контейнердің немесе көлік құралының нөмірі және т.б. қамтылуы тиіс. Тасымалдауға дейін және тасымалдау кезінде өңделген партиялар өңдеу әдістері мен мақсаттары көрсетіле отырып, көрсетілуі тиіс.

Сертификаттың қосымша бағанында: «Осы партия Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Бас кеден басқармасы арасындағы Қазақстан Республикасынан Қытай Халық Республикасына рапс күнжарасын экспорттауға қойылатын санитариялық және фитосанитариялық талаптар туралы хаттамаға сәйкес келеді» деп көрсетіледі.

Фитосанитариялық сертификат үлгісі осы Хаттаманың ажырамас бөлігі ретінде 2-қосымшада көрсетілген.

10-бап

Қытай тарапы Қазақстаннан экспортталған рапс күнжарасының партиясы келгеннен кейін, инспекция және карантин жүргізеді.

Егер партия (лар) 2, 9-баптардың талаптарына сәйкес келмесе, мынадай шаралар қабылданады:

(1) Фитосанитариялық сертификат болмаған немесе талаптарға сәйкес келмеген жағдайда қайтарылады немесе жойылады;

(2) Тірі карантиндік зиянкестер анықталған жағдайда өңделеді, қайтарылады немесе жойылады;

(3) Басқа тірі зиянкестер анықталған жағдайда өңделеді;

(4) Топырақ немесе Қытай заңнамасымен тыйым салынған генетикалық түрлендірілген заттар анықталған жағдайда қайтарылады немесе жойылады;

(5) Жануарлардың көңі және ұшасы, құс қауырсындары, өсімдіктер тұқымдары анықталған жағдайда немесе Қытай Халық Республикасы азықтарының санитариялық, фитосанитариялық талаптарына және қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келмесе, биологиялық қауіпсіздігі жойылады, қайтарылады немесе жойылады;

Өңдеу жүргізілгеннен кейін немесе биологиялық қауіпсіздік жойылғаннан кейін, қажетті стандарттарға сәйкес болған жағдайда, Қытай Халық Республикасына кіргізуге рұқсат беріледі.

Жоғарыда аталған жағдайларда Қытай тарапы бұзушылықтың ауырлығы негізінде тиісті өңдеу кәсіпорнынан рапс күнжарасын әкелуді тоқтату сияқты қосымша шаралар қабылдайды.

11-бап

Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданылу мерзімі 5 жылды құрайды. Екі тарап жазбаша түрде келіскен жағдайда, осы хаттама қайта қаралуы мүмкін. Егер Тараптардың біреуі осы хаттаманы бұзуға ниетті болса, басқа Тарапты кемінде 3 ай бұрын жазбаша түрде хабардар етуі қажет.

Осы Хаттамаға 2018 жылғы 12 наурызда қазақ, қытай, орыс және ағылшын тілдерінде телнұсқа даналарында қол қойылды. Барлық мәтіндер бірдей күшке ие, қарама-қайшылық туындаған жағдайда ағылшын мәтіні басымдыққа ие болады.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрлігі
үшін

Қытай Халық Республикасы
Бас кеден басқармасы
үшін

1-қосымша

Қытай тізбесінің карантиндік объектілер тізімі

Латынша атауы	**Ағылшынша атауы**
Trogoderma granarium	Khapra beetle
Leptosphaeria maculans	Stem canker
Verticillium dahlia	Verticillium wilt
Taraxacum officinale	Dandelion
Elymus repens (L.) Gould	Quackgrass
Heterodera schachtii	Sugar beet cyst nematode

2-қосымша:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің фитосанитариялық сертификаты үлгісі

<table>
<tr><td colspan="3">(1)Экспорттаушы және оның мекенжайы
Name and address of exporter</td><td colspan="3">(2) ФИТОСАНИТАРИЯЛЫҚ СЕРТИФИКАТ
PHYTOSANITARY CERTIFICATE</td></tr>
<tr><td colspan="3" rowspan="2">(3)Мәлімденген алушы және оның мекенжайы
Declared name and address of consignee</td><td colspan="3">(4) Кімге: Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі ұйымға (елі)
ТО: Plant Protection and Quarantine Organization(s) of (country)</td></tr>
<tr><td colspan="3">(5)Мәлімденген тасып әкелу пункті
Declared point of entry</td></tr>
<tr><td colspan="3">(6) Шыққан жері
Place of origin</td><td colspan="3">(7)Мәлімденген тасымалдау тәсілі
Declared means of conveyance</td></tr>
<tr><td colspan="3">xxx</td><td colspan="3"></td></tr>
<tr><td colspan="5">(8) Өнімнің атауы; орын саны және буып-түюдің сипаттамасы; айрықша белгілер (таңбалануы); өсімдіктің ботаникалық атауы
Name of produce; number and description of packages, Distinguishing marks and botanical name of plants</td><td>(9)Мәлімденген саны
quantity declared</td></tr>
<tr><td colspan="5">xxx xxx xxx</td><td>xxx</td></tr>
<tr><td colspan="5">0 0 0</td><td>0</td></tr>
<tr><td colspan="5">0 0 0</td><td>0</td></tr>
<tr><td colspan="5">0 0 0</td><td>0</td></tr>
<tr><td colspan="5">0 0 0</td><td>0</td></tr>
<tr><td colspan="5">0 0 0</td><td>0</td></tr>
<tr><td colspan="5">xxx xxx xxx</td><td>xxx</td></tr>
<tr><td colspan="5">xxx xxx xxx</td><td>xxx</td></tr>
<tr><td colspan="5">xxx xxx xxx</td><td>xxx</td></tr>
<tr><td colspan="6">(10)Жоғарыда көрсетілген өсімдіктер, өсімдік өнімдері немесе басқа да карантинге жатқызылған материалдар тиісті ресми рәсімдерге сәйкес зерттелді және/немесе талданды және импорттаушы келісуші тарап мәлімдеген карантиндік зиянкес</td></tr>
</table>

<table>
<tr><td colspan="3">организмдерден таза деп танылды және реттелетін карантиндік емес зиянкес организмдерге арналғандарын да қоса импорттаушы келісуші тараптың қолданысытағы фитосанитарлық қағидаларына сәйкес келеді деп танылды.
This is to certify that the plants, plant products or other regulated articles described herein have been inspected and/or tested according to appropriate official procedures and are considered to be free from the quarantine pests specified by the importing contracting party and to conform with the current phytosanitary requirements of the importing contracting party, including those for regulated non-quarantine pests.</td></tr>
<tr><td colspan="3">(11) Қосымша декларация
Additional declaration xxx</td></tr>
<tr><td colspan="2">Зарарсыздандыру
disinfestation and/or disinfection treatment</td><td rowspan="2">Берілген жері
Place of issue
xxx
Күні/Date
xxx</td></tr>
<tr><td colspan="2">(12)Өңдеу тәсілі/Treatment xxx</td></tr>
<tr><td>(13) Химикат (қолданыстағы зат)/Chemical (active ingredien)
xxx</td><td>(14) Экспозициясы және температурасы
Duration and temperature
xxx</td><td rowspan="3">Уәкілетті инспектордың тегі
Name of authorized officer
xxx
Қолы
Signature
Ұйымның мөрі
Stamp of organization</td></tr>
<tr><td>(15) Концентрация/Concentration
xxx</td><td>(16) Күні/Date
xxx</td></tr>
<tr><td colspan="2">(17) Қосымша ақпарат/Additional information
xxx</td></tr>
</table>